

Мақтаарал ауданының ауылдық елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 5 сәуірдегі N 44-300-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 сәуірде N 14-7-142 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 ақпандағы № 31 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2012.02.20 № 31 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2-тармағына және аудан әкімінің мәлімдемесіне сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Мақтаарал ауданына 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына қажеттілікті ескере отырып, бір маманға жетпіс айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада әлеуметтік қолдау ұ с ы н ы л с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2011.08.10 N 48-329-IV Шешімімен.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: Х.Урманов

Аудандық мәслихат хатшысы: Ж.Әбдәзімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК